

**1-БЛОК: Тарих (Қазақстан тарихы/Дүниежүзі тарихы)/Адам. Қоғам.
Құқық**

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Жер бетінің күрт суып бастаған уақыты
А) 30 мың жыл бұрын
В) 40 мың жыл бұрын
С) 13 мың жыл бұрын
D) 200 мың жыл бұрын
E) 100 мың жыл бұрын

2. Көзе құмыралар жасау өнері өрістеді
А) неолитте
В) палеолитте
С) энеолитте
D) қола дәуірінде
E) мезолитте

3. Қаңлылар туралы "Вэсаканың ер жүрек ұлдары... Канха қамалының алдында құрбандық берді" деп жазылған кітап:
А) "тарих жазбалары"
В) "Цянь Ханьшу"
С) "парсы жазбалары"
D) "Авеста"
E) "қаңлы жылнамасы"

4. «Мұртты обалар» көп тараған аймақ
А) Шығыс Қазақстан
В) Оңтүстік Қазақстан
С) Солтүстік Қазақстан
D) Батыс Қазақстан
E) Орталық Қазақстан

5. Қидандарды қазақ жеріне бастап әкелді
А) Тобо
В) Даши
С) Мұқан
D) Елтеріс
E) Білге

6. Көнетүрік әліпбиіндегі әріп саны

A) 39

B) 25

C) 35

D) 27

E) 37

7. Хақназар ханмен «дос болып, өзара көмектесу» жөнінде «ант беріскен шарт» жасасты

A) I Ахмед

B) II Абдаллах

C) Имамқұли

D) Баба сұлтан

E) II Мұхаммед

8. Жетісу жерінде әлі күнге дейін сақталып келе жатқан ежелгі қыстау аты

A) Едіге

B) Абылай

C) Малайсары

D) Байбура

E) Тоқтамыс

9. 1635, 1643, 1652 жылдары қазақтарға қарсы жорықты басқарған қонтайшы

A) Қалдан Тоба

B) Батыр

C) Қалдан Бошақты

D) Цеван Робдан

E) Қалдан Церен

10. С.Датұлы бастаған көтеріліс

A) 1836-1838 жж.

B) 1822-1824 жж.

C) 1837-1847 жж.

D) 1783 -1797 жж.

E) 1785-1786 жж.

11. Кенесары Қасымұлы хандық билікті қалпына келтірді

A) 1840 жылы

B) 1845 жылы

C) 1837 жылы

D) 1841 жылы

E) 1847 жылы

12. Қазақтың тарихи білімінің негізін салушы, сталиндік жазалау шараларының құрбаны

- A) М.Дулатұлы
- B) Б.Майлин
- C) М.Төлепов
- D) Қ.Жұбанов
- E) С.Асфендияров

13. «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», -деп жазды

- A) Ә.Бөкейханов
- B) Т.Рысқұлов
- C) С.Меңдешев
- D) А.Байтұрсынов
- E) М.Жұмабаев

14. Соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезінде салынған зауыт

- A) Теміртау металлургия зауыты
- B) Ақтөбе хром қоспалары зауыты
- C) Соколов-Сарыбай зауыты
- D) Балқаш полиметалл зауыты
- E) Шымкент қорғасын зауыты

15. 1920 жылдардың соңы - 1930 жылдардың басында Орталық Қазақстанның минерал-шикізат байлықтарын зерттеген академик:

- A) Ф.И.Голощекин
- B) Қ.И.Сәтбаев
- C) И.М.Губкин
- D) Д.В.Сокольский
- E) Н.С.Курнаков

16. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» қабылданды

- A) 2003 ж
- B) 2004 ж
- C) 2002 ж
- D) 2000 ж
- E) 1999 ж

17. ЮНЕСКО Астана қаласын «Бейбітшілік қаласы» деп атаған жыл

- A) 1998 ж.
- B) 2000 ж.
- C) 2001 ж.
- D) 1999 ж.
- E) 1997 ж.

18. «Қазақстан -2030» стратегиясындағы басымдылықтың үшінші бағыты

- A) ұлттық қауіпсіздік
- B) ішкі саяси тұрақтылық
- C) кәсіпқой мемлекет
- D) экономикалық өрлеу
- E) энергетика

19. Хаммурапи заңдары жазылған тас табылған жыл

- A) 1902
- B) 1904
- C) 1906
- D) 1908
- E) 1900

20. Ең мықты кеме жасаушылар

- A) палестиналықтар
- B) хеттіктер
- C) египеттіктер
- D) финикиялықтар
- E) ассириялықтар

21. Англия мен Франция арасындағы тарихтағы ең ұзақ соғыс болған мерзім

- A) XI-XII ғғ.
- B) XIV-XV ғғ.
- C) XII-XIII ғғ.
- D) XIII-XIV ғғ.
- E) XV-XVI ғғ.

22. Темучиннің бүкіл моңғол ханы Шыңғысхан болып жарияланған жылы

- A) 1210 ж.
- B) 1204 ж.
- C) 1208 ж.
- D) 1206 ж.
- E) 1201 ж.

23. «Мона Лиза» картинасының авторы:

- A) Микеланджело
- B) Макиавелли
- C) Данте
- D) Рафаэль
- E) Леонардо да Винчи

24. 1858 жылғы Айгунь келісімі бойынша Ресей меншігі деп танылды
- A) Шандунь түбегі
 - B) Амур өзеннің сол жақ жағалауы
 - C) Сахоминнің оңтүстігі мен Куриль аралдары
 - D) Уссурий аймағы
 - E) Гуанчжоу аймағы
25. 1898 жылы наурызда РСДРП-нің I съезі өткен қала.
- A) Париж
 - B) Минск
 - C) Мәскеу
 - D) Лондон
 - E) Брюссель
26. 1875 жылы Мысырдан Суэц каналын сатып алған мемлекет
- A) Англия
 - B) Франция
 - C) Италия
 - D) АҚШ
 - E) Германия
27. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында тарихта тұңғыш рет танк қолданылған шайқастың атауы
- A) Сомма
 - B) Ипр
 - C) Марна
 - D) Шлиффен
 - E) Верден
28. 1934 жылы Францияда халықтық майдан құрамына кірген партиялар
- A) Социалистік және коммунистік
 - B) Фашистік және социал-демократиялық
 - C) Социалистік және либералистік
 - D) Коммунистік және демократиялық
 - E) Демократиялық және консерваторлық
29. Түркия Республикасының бірінші президенті
- A) М.Кемал
 - B) Д.Баяр
 - C) А.Мендерес
 - D) Т.Озал
 - E) И.Иненю

30. Жапонияның 1939 жылы Монғолияға жасаған басқыншылық шабуылының нәтижесі

- A) Монғолияны толық бағындырды
- B) Монғолияны Кеңес елімен бөліске салды
- C) Жеңіске ұшырады
- D) Монғолияның оңтүстік-шығыс бөлігін иеленді
- E) Тең құқылы келісім жасады

31. 1920 жылдардағы дүние жүзін қайтадан бөліске салуды көздеген қарулы әрекетке ең бірінші болып кіріскен ел

- A) АҚШ
- B) Жапония
- C) Ресей
- D) Франция
- E) Англия

32. 1936 жылы антикоминтерндік пакт жасаған мемлекеттер:

- A) Италия мен Франция
- B) Австро-Венгрия мен Германия
- C) Англия мен Франция
- D) Германия мен Жапония
- E) Италия мен Испания

33. «Бүйі» деген қосымша атқа ие болған Франция королі

- A) X Людовик
- B) VII Карл
- C) XI Людовик
- D) IV Эдуард
- E) II Филипп

34. Варшава Шарты Ұйымы құрылған жыл

- A) 1955 ж.
- B) 1973 ж.
- C) 1967 ж.
- D) 1949 ж.
- E) 1945 ж.

35. Адам – «космоцентризм» ілімі тұрғысынан қарастырғанда туындысы

- A) құдайдың
- B) күннің
- C) айдың
- D) жердің
- E) ғарыштың

36. Бір мақсаттың теориялық және тәжірибе жүзінде шешілуін анықтайтын жол, тәсіл, шешімдер

- A) таным
- B) тәжірибе
- C) зерттеу
- D) айла
- E) әдіс

37. «Қоғамдық шарт» теориясын қорғаған

- A) Т. Мор
- B) Т. Гоббс
- C) Г. Гегель
- D) Ш. Фурье
- E) А. Смит

38. Табиғат құбылыстары мен заңдарын зерттейтін жаратылыстану ғылымдарының аса маңызды салаларының бірі

- A) ағылшын тілі
- B) технология
- C) қазақ тілі
- D) химия
- E) тарих

39. Отбасына шағын қоғам ретінде сипаттама берген Әл Фарабидің еңбегі:

- A) «Әлеуметтік-этикалық трактат»
- B) «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары»
- C) «Ғылымдарды топтастыру туралы»
- D) «Саясат туралы»
- E) «Бақытқа жету жолдары»

40. Жоғарғы жетістігі және қоғамдық маңыздылығымен ерекшеленетін қабілеттердің жиынтығы

- A) қызмет
- B) дарын
- C) жад
- D) зият
- E) мақсат

41. «Адам капиталы» кітабын жарыққа шығарды

- A) З.Фрейд
- B) Г.Беккер
- C) О.Конт
- D) А.Сен-Симон
- E) М.Барг

42. Қазіргі заманғы жаһандық проблемалардың адамзат үшін өте қауіпті екенін түсіндіру шараларын өткізу мақсатында 1968 жылы құрылған ұйым

- A) «Глобализация»
- B) «Мадрид клубы»
- C) «Рим клубы»
- D) «Жаһандық проблема»
- E) «Париж клубы»

43. Табиғи жағдай мен этнос динамикасы мемлекеттіліктің ерекшеліктеріне әсер етеді деген ғалым

- A) Ш.Монтескье
- B) И.Гердер
- C) Л.Вольтман
- D) Э.Рэнан
- E) Л.Н.Гумилев

44. Басқаға жақсылық жасап, көмек көрсетуді уағыздайтын этикалық категория

- A) жомарттық
- B) абырой
- C) бақыт
- D) ұят
- E) әділеттілік

45. Маусымдық қызметкерлердің жұмыс уақыты _____ аспауы керек

- A) 6 айдан
- B) 3 айдан
- C) 7 айдан
- D) 10 айдан
- E) 4 айдан

46. Саясатты адамдарды бақытты өмірге бастайтын қауымдастықтың формасы ретінде санаған көне грек философы

- A) Геродот
- B) Цицерон
- C) Платон
- D) Аристотель
- E) Архимед

47. Саяси биліктің міндетіне жатады

- A) жаңа технологияларды игеру
- B) жеке меншік фирмада қызмет ету
- C) бұқараны саяси ақпаратпен қамтамасыз ету
- D) қоғамдық қатынастарды реттеу
- E) компьютерлік бағдарламалар жасау

48. Бірегей өкілеттік, атқару және сот органдары бар мемлекет

- A) унитарлы
- B) бюрократиялық
- C) құқықтық
- D) федеративтік
- E) әлеуметтік

49. Азаматтардың саясатқа белсене араласып, саяси талаптар қою арқылы саяси жүйе қызметіне заңды түрде әсер ететін мәдениет түрі

- A) патриархалдық
- B) бірегейлендіру
- C) бағдарлау
- D) қатынасу
- E) бодандық

50. Қазақстан Республикасында өлім жазасына мараторий жарияланды

- A) 1999ж.
- B) 2004ж.
- C) 2002ж.
- D) 2003ж.
- E) 1997ж.

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Моңғол мемлекетінің басты заңы «Жасақ»

- A) заңдар жасауға таңдаулы жеті би қатысқан
- B) бірінші бөлімі нақыл сөздер
- C) үкімет билігінің жоғарғы органы құрылтай
- D) Күлтебенің басында жасалған
- E) екі бөлімнен тұрған
- F) «билік кеңестің» рөлін арттырды
- G) билер жергілікті атқарушы үкіметке айналды
- H) екінші бөлімі азаматтық істер

52. Қазақ жерінде басқарудың округтық жүйесі енгізілді

- A) 1824 ж
- B) 1822 ж
- C) 1867-1868 жж
- D) 1891 ж
- E) 1896 ж
- F) 1886ж

53. Қазақстанда ең алғашқы жаңа әдістемелік мектептер ашылған қалалар:

- A) Верный
- B) Ташкент
- C) Жаркент
- D) Қазалы
- E) Түркістан
- F) Семей
- G) Ақмола
- H) Орынбор

54. 1959 жылы «Мектептің өмірімен байланысын нығайту және Қазақ КСР-інде халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» қабылданған заң бойынша қаралған міндет:

- A) 11 жылдық еңбек-политехникалық мектептер құру
- B) Әскери мектептер ашу
- C) 7 жылдық білім беруге көшу
- D) Мектеп-интернаттар жүйесін кеңейту
- E) Жұмысшы жастар мектептерін көбейту
- F) Мектеп-интернаттар жүйесін азайту
- G) 11 жылдық өндірістік мектептерін құру
- H) 8 жылдық білім беруге көшу

55. 1994 жылы Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысы бойынша Біртұтас экономикалық кеңістік құру келісіміне қол қойған мемлекеттер

- A) Өзбекстан
- B) Ресей
- C) Қытай
- D) Түрікменстан
- E) Азербайжан
- F) Тәжікстан
- G) Қырғызстан
- H) Қазақстан

56. Канаданың алғаш рет жалауы ресми түрде көтеріліп, әнұраны жазылған жыл:

- A) 1982 ж.
- B) 1976 ж.
- C) 1947 ж.
- D) 1945 ж.
- E) 1965 ж.
- F) 1993 ж.

57. П.Пикассоның белгілі шығармасы

- A) “Күйреу”
- B) “Орман”
- C) “Спартак”
- D) «Адасу»
- E) “Герника”
- F) “Азапты жолда”

58. Адамдардың әлеуметтік әрекеттерін ұйымдастыратын, бағыттайтын, басқаратын қоғамдық құрылым

- A) әлеуметтік тәртіп
- B) әлеуметтік қатынас
- C) әлеуметтік бақылау
- D) әлеуметтік институт
- E) әлеуметтік емтихан
- F) әлеуметтік контекст

59. Әлеуметтік құрылымдардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бойынша бөліну типтері

- A) Отбасы
- B) Ру
- C) Каста
- D) Сословиелер
- E) Тайпа
- F) Ұлт
- G) Топтар
- H) Таптар

60. ҚР азаматтарының саяси құқықтары мен міндеттері

- A) митингілер өткізу
- B) референдумға
- C) еңбек етуге
- D) бейбіт бас қосуға
- E) өмір сүру
- F) Отан қорғауға
- G) сайлауға қатысу
- H) салық төлемеуге

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

1822-1824 жылдары жүргізілген реформалар бірте-бірте жарамсыз болып қала бастады, сондықтан ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарында патшалық Ресей Қазақстанда жаңа реформалар жүргізді



61. Ресейдің еуропалық бөлігіндегі қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсіпке Қазақстаннан _____ қажет болды

- A) өңделген шикізат
- B) арзан шикізат көздері
- C) техникалық құралдар
- D) жоғары білімді жұмысшы күші
- E) инженерлер мен геологтар

62. 1867-1868 жж. жаңа реформалар жүргізудің қажеттілігі туындады, себебі

- A) Қазақ хандығын қалпына келтіру мақсатымен көтерілістер жиі болды
- B) қазақ хандығы патша үкіметінің әкімшілігіне қарсылық білдірді
- C) сұлтандардың билігі патша үкіметінің Қазақстанды отарлауына кедергі болды
- D) Кіші және Орта жүз бірнеше әкімшілікке бөлшектеніп, патша өкіметіне қолайлы болып тұрды
- E) қазақ хандары дала тұрғындарының алдында беделінен айырылып қалды

63. XIX ғ 60-шы жж. жағдай Қазақстанды басқару ісін Ресейдің өзге аймақтарындағы басқару құрылымына бірыңғайландыруды талап етті
- A) Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда әкімшілік жағынан бағындыруды нығайту қажет болды
 - B) ескерусіз қалған сұлтандар патша үкіметіне қарсы шықты
 - C) әкімшілік-аумақтық басқару жүйесінде аға сұлтандардың ықпалы күшейді
 - D) Ресей тұрғындарына қазақ даласына өз еркімен қоныстануға тыйым салынды
 - E) округтердің сот жүйесіндегі қызметтері тиімсіз болды
64. 1822-1824 жж. қабылданған әкімшілік-аумақтық бөлініс XIX ғ. 60-шы жж. жаңа жағдайдағы өзгерістерге сәйкес келмей қалды
- A) қазақ хандары дала тұрғындарының алдында беделінен айырылды
 - B) дистанциялар әкімшілік-аумақтық бірліктерге айналды
 - C) қосымша аумақтардың қосылуына байланысты
 - D) көшпелілердің қыстаулары мен жазғы жайылымдары ескерілмеді
 - E) болыс сұлтандары мен ауыл старшындары әкімшілік-аумақтық басқару жүйесіне наразылық білдірді
65. XIX ғ 60-шы жж. Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық реформалар жасау қажеттігі туындады
- A) Қазақстанда отаршылдық биліктің рөлі төмендеді
 - B) көрші мемлекет әскерлерінің шекараға басып кіруінен қорғау
 - C) Ресейдің еуропалық бөлігіндегі жері жоқ шаруаларды Қазақстанға көшіру
 - D) жергілікті байырғы тұрғындардың өтініш-талаптарымен санасты
 - E) қазақтардың ежелгі дәстүрлі қоғамы күшейді

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

ҚР Президенті «БАҚ туралы заңға» қол қоймай кері қайтарды. Ол заңда демократияға кері әсер ететін, БАҚ өкілдерінің құқығын шектейтін баптар көрініс тапқан. Бұл заңға алдымен БАҚ өкілдері мен бұқара халық та өзі қарсылығын білдірген болатын. Жалпы заңның кері қайтарылуын халық сонымен қатар шетелдерде де демократияның жарқын үлгісі ретінде қабылдады.

66. ҚР Парламентінің жоғарғы палатасы

- A) Сенат
- B) Мәжіліс
- C) Жоғарғы Кеңес
- D) Конгресс
- E) Өкілдер

67. ҚР заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілетті орган

- A) Парламент
- B) Жоғарғы сот
- C) Прокуратура
- D) Конституциялық Кеңес
- E) Үкімет

68. Президенттің заңды қабылдамай кері қайтаруы:

- A) Импичмент
- B) Вето
- C) Ратификация
- D) Конвенция
- E) Презумпция

69. Мәжілістің қарауына заң жобасын енгізу құқығы Президентпен қатар беріледі:

- A) Жоғарғы сотқа
- B) Саяси партияларға
- C) Үкіметке
- D) Прокуратураға
- E) Конституциялық Кеңеске

70. Белгілі бір мерзімге заң қабылдау мәселелері бойынша Парламентті алмастырады:

- A) Конституциялық Кеңес
- B) Прокуратура
- C) Үкімет
- D) Жоғарғы сот
- E) Президент

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.